

1995 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу аудан әкімінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы N 5 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 09 қаңтарда N 2-4-144 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімінің 22.06.2016 N 3 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" № 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке алу, олардың санын анықтау, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулығы жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырылушыларды алдын ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында аудан әкімі **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2012 жылдың қаңтар–наурыз айларында 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды Ақсу ауданы, Жансүгір поселкесі, Буланова көшесі, № 1 мекен-жайында орналасқан "Алматы облысының Ақсу аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Поселкелік, ауылдық округтердің әкімдері және ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген мерзімде "Алматы облысының Ақсу аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің

тізімін берсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Қорғанбаев Сәбит Бейсебекұлына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дүйсембаев

КЕЛІСІЛДІ:

Алматы облысының Ақсу

аудандық қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

подполковник

Жетибаев Алмат Бекетайұлы